

¹А.М. Абасилов*
²Ж.С. Төлеужанова

¹Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
²Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан
*Байланыс үшін автор: aman_abasilov@mail.ru

Қазіргі әлемдік әлеуметтік лингвистиканың проблемалары*

Аңдатпа. Мақалада әлеуметтік лингвистиканың өзекті деген бірнеше проблемалары түрлі елдердегі тілдік тәжірибелер бойынша талданып қарастырылады. Мақалада солардың ішінде әсіресе әлеуметтік лингвистикалық категория ретінде қарастырылатын мемлекеттік (ресми) тіл мәселесі арнайы сөз болады. Бұл мәселе, біріншіден, талап пен міндет және екіншіден, тілге қатысты жауапкершілікті белгілеу тұрғысынан қарастырыла отырып, Балтық жағалауы елдері, Грузия, Армения, Әзербайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей тағы басқа елдердің тіл саясатының ұстанымдары мысал ретінде беріледі. Одан әрі тіл құрылысы, тілдік ахуал мәселелері талданады. Олар АҚШ-тағы әдеби тілі стандартын ағылшын тілділерге жатпайтындарға, сондай-ақ иммигранттарға меңгерту проблемасымен байланысты қаралатындығы тарқатылып айтылады. Ал Германия мен Францияда иммигрант жұмысшылардың тілдік бейімделуі туралы шиеленіскен мәселені әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер арқылы шешудің жолға қойылғаны баяндалады. Мұнан кейін кеңестік әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің өзге халықтарды «орыстандыру» бағытын ұстанғандығы туралы сөз қозғалады. Осы кеңестік әлеуметтік лингвистиканың жалғасы болып табылатын қазіргі ресейлік әлеуметтік лингвистиканың қазіргі зерттеулеріне шолулар жасалады. Мақала авторлары еліміздегі тілдік ахуал мәселесін әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерттеу мен оған тиісті ғылыми баға беруде кеңестік замандағы, сондай-ақ қазіргі социолингвист-галмдардың ұстанымдарын үлгі етуге болатыны туралы тұжырым жасайды.
Түйін сөздер: әлеуметтік лингвистика проблемалары, тіл саясаты, тілдік тәжірибе, мемлекеттік тіл, тіл құрылысы, тілдік ахуал, Ресей әлеуметтік лингвистикасы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-22-31>

*Алғыс. Мақала 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP08956367 гранты).

Кіріспе

Тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі болып саналатын әлеуметтік лингвистика қазіргі таңда ұлттық бағыттағы зерттеулерге бет бұруда. Бұл жағдай әрбір елдегі, әрбір этноәлеуметтік қауымдастықтағы тілдің (тіл-

дердің) қызмет ету жағдайының ерекшелігіне, ұлттық немесе әлеуметтік-экономикалық, саяси бірлігімен сипатталатын көптілді қоғамда алдыңғы орынға шығарылған өзекті мәселелерге байланысты болып отыр. Мұндайда әлеуметтік лингвистикалық мәселелерді арнайы қарастыратын социолингвист болсын,

мейлі зерттеуін осы саламен байланыстыра қарайтын басқа тіл маманы болсын өзге мәселелерді кейінге қалдыра отырып, осы өзекті мәселелерге назар аударуда.

Зерттеу әдістері

Тілдің ағымдағы ахуалы, тіл құрылысы және тіл саясаты - қоғамның саналы әрекетін қажет ететін әрі мемлекет тарапынан білікті басқаруды қажет мәселелер. Басқару білікті болуы үшін жергілікті тілдік ахуалды білмей болмайды. Бұл әсіресе жер аумағының көлемі бойынша әлемде алдыңғы ондыққа енетін елдің санатындағы Қазақстан үшін әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер жүргізілуі шарт деген сөз. Өйткені тіл құрылысы тізгінін ұстап отырған басшылар осындай әлеуметтік лингвистикалық ұсыныстарға зәру. Қазақстандағы қазіргі тілдік ахуалға қарасақ қазақ тілінде сөйлейтін халық санының біртіндеп артып келе жатқанын көреміз. Ал бұл мемлекеттік тілдің демографиялық базасының күшеюінен қоғамдық санадағы сапалық өзгерістерді де тудыратынын аңғартады. Сонымен қоса этносаралық коммуникация мен ресми коммуникация саласында да мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңеюде. Ал бұл тілдік өмірді бұрынғыдай басқару мүмкін еместігін, жаңа ғылыми ізденістерді қажет екенін көрсетеді.

Талқылау

Жалпы мемлекеттік тіл проблемасы – Қазақстанға ғана қатысты емес, күллі әлемдегі екі жүзден астам мемлекетте бұрыннан зерттеліп келе жатқан мәселе. Сондықтан бұл мәселерде өзіміздің төл тәжірибемізді әлемдік фактілермен байыта отырып қарастырғанымыз абзал. Осы орайда әлемдік тілдік тәжірибелерге қарасақ, көптеген елдерде тіл саясатының заңнамалық базасын өзгерту белсенді түрде жүріп отыратынын байқаймыз. Мысалы, кешегі посткеңістік елдерді алсақ, Балтық жағалауы елдері, Грузия, Армения, Әзербайжан, Өзбекстан, Тәжікстан Кеңес өкіметі кезінде қабылданған тілге қатысты заңдарын қазіргі қалыптасып отырған тілдік ахуал сипаты мен ұлттық мүдделеріне байланысты өзгерткен.

Дүниенің көптеген елдерінде мемлекеттік (ресми) тілді білу талабы қойылады. Алысқа бармай-ақ іргелес отырған көршіміз Ресейді алсақ, қоныс аударушылардың тілдік бейімделуіне қатысты олардың тәжірибесі ерекше. Мұнда 2015 жылдан бастап заңнамада белгіленген нормативтерге сәйкес елде тұруға рұқсат алу үшін орыс тілін меңгергені туралы және сонымен қоса ел мәдениетін білетіндігі жөніндегі сертификатының болуы талап етіледі.

Кейбір елдерде мемлекеттік (ресми) тілді меңгерген азаматтарға заңнамаларында белгіленген көлемде артықшылықтар беру қарастырылған. Мұндай талап тіл үйренушілердің санын да, тіл үйренудің сапасын да ұлғайтуға мүмкіндік берері сөзсіз. Мысалы, Эстонияда еңбек нарығында эстон тілін білу жұмысқа орналасу, сондай-ақ өз бизнесін кеңейту үшін басты фактор болып табылады. Эстон тілін меңгерген адамдарға мансаптық өсуіне және жоғары жалақы алуы үшін көп мүмкіндік беріледі [1].

Қазіргі әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің мұндай мысалы көп-ақ. Айталық, АҚШ-та әлеуметтік лингвистика Black English-тің American English стандартына қатынасына байланысты мәселелер алдыңғы орынға қойып, қара нәсілді балаларға ағылшын тілінің әдеби формасын меңгерту мәселесі қатысты әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер жүргізілуде. Сол сияқты Мексика, Пуэрто-Рико және басқа да ағылшын емес аймақтардан келген иммигранттардың тілдік интеграция үдерістері де қарқынды түрде зерттелуде. Германия мен Францияда соңғы онжылдықтарда иммигрант жұмысшылардың, атап айтқанда, олардың тілдік бейімделуі туралы мәселе шиеленісе түсті, соған байланысты қазіргі неміс және француз социолингвистерінің көптеген зерттеулері осы мәселені шешуге арналып отыр.

Африканың көптеген елдерінде маңыздылығы жағынан бірінші кезекте тіл құрылысы мәселелері тұр. Оған мемлекеттік тіл (немесе ұлтаралық қарым-қатынас тілі) мәртебесіне ие бола алатын тілді немесе диалектіні таңдау, жазу мәселесі әзірлеу мен ретту,

әртүрлі тілдер мен диалектілердің қызметтік, қарым-қатынастық арақатынастары және т.б. жатады.

Осыларға ұқсас мәселелер бұрынғы кеңестік әлеуметтік лингвистиканың 20-жылдарындағы зерттеулерінде кеңінен орын алды. Бұл жылдарда көптеген еңбектер 1917 жылғы төңкерістен кейінгі тілдік өзгерістерге, яғни Кеңестер одағына кірген өзге халықтарды «орыстандыру» мәселесін зерттеуге және оның әлеуметтік лингвистикалық тетіктерін табуға арналды.

30-жылдардың аяғында кеңестік тіл біліміндегі әлеуметтік лингвистикалық мәселелерге деген қызығушылық бәсеңдейді. Ал 50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басында пайда болған қайта қызығушылық басқа арнада, өзгеше бағдардағы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулермен сипатталды. Мұнда КСРО сияқты көпұлтты мемлекетке тән қостілділік және көптілділік үдерістері басты назарға алынды. Осыған байланысты макросоциоллингвистикалық мәселелер, яғни бір немесе бірнеше тіл қызмет ететін үлкен әлеуметтік қауымдастықтарды зерттеу басымдықта болды да, «микро қауымдастықтардағы» (отбасы, ойын және өндіріс топтары және т.б.) тілдік және коммуникациялық үдерістер зерттелмеді.

Кең көлемдік зерттеулер (макросоциоллингвистикалық мәселелер) аясында орыс тілі Кеңес халқының тілі, ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде барынша насихатталып, қарқынды түре зерттелді. Ал қалған одақтас республикалар тілдері, соның ішіне қазақ тілі құрылымдық жағынан қарастырылғанымен, қоғамдық қызметі мен әлеуметтік ортада өмір сүруінің көптеген мәселелері (атап айтқанда, лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік, ұлттық және т. б. факторлардың барлық жиынтығына байланысты тілдік құралдардың өзгеру сипатына байланысты мәселелері) өзекті және жеткілікті зерттелмеген болып қала береді.

Кеңестік дәуірде әлеуметтік лингвистика секторы профессор Ю.Д.Дешериевтің ұйымдастыруымен өз жұмысын 1970 жылы бастады және негізгі зерттеу нысанына қостілділік

мәселесі алынды. 1990 жылы елдегі ұлттық және тілдік проблемалардың шиеленісуіне байланысты әлеуметтік лингвистика секторының негізінде ұлттық-тілдік қатынастар бойынша ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Ол жалпылау функцияларын орындай отырып, қайта құру жылдарындағы өзекті мәселелерге - тіл саясатының өзгеру қағидаттарына, тілдік заңнамаға, тілдік қақтығыстарға және т.б. арналған зерттеулер жүргізіліп келеді.

Қазіргі уақытта Ресейде бұл зерттеулер қай бағытқа басымдық беріп отыр десек, бұл – сөзсіз, халықаралық қарым-қатынастың дамып, ақпарат алмасу үдерісі күн санап артқан сайын үдеп бара жатқан тілдік ахуал мәселесін қарастыруға көшкенін байқауға болады.

Орыс тілі әлемдік арнадағы тілдердің бірі болғандықтан оның Ресейдегі жағдайы орыс халқының ғана емес шетел ғалымдардың да назарын өзіне аударып отыр. Қазіргі инновацияланған заманда басымдық танытып отырған еуропа тілдерінің әсері Ресейдегі тілдік ахуалдың күшеюіне ықпал етіп отырғаны белгілі.

Тарихта із-түссіз жоғалып кеткен халықтар мен олардың тілдеріне мыңдаған мысалдар келтіруге болады. Алайда кейде жойылып кеткендердің орнына келген тілдерде субстрат құбылыстары түрінде өлі тілдердің іздері қалатыны белгілі. Әдетте этнос пен оның тілі соғыстардың немесе тарихтың қандай да бір катаклизмдерінің нәтижесінде ұмытылып кетеді, бірақ тілдің жоғалуы мемлекеттің осы мемлекетке кіретін халықтарға қатысты тіл саясатының әсерінен де орын алуы мүмкін.

Халықтың сұранысынан айырылған тіл жоғала бастаған кезде оның сөйлеушілері бұл ауыртпалықты бар санасымен сезініп, тілдің өмірін ұзартуға, оның беделін арттыруға ұмтылады. Мұндай жағдайда мәселенің шешімі ана тілінде сөйлейтін адамдар мен тілді сақтауға немесе шектеуге бағытталған мемлекеттік саясатқа байланысты болады.

Орыс әдеби тілінің бүгінгі даму жағдайы қалай деген сұраққа екі түрлі тұрғыдан жауап табуға болады. Біріншіден, социоллингвист ғалымдардың пікірінше орыс әдеби тілі тек мемлекеттік тіл ғана емес, сонымен бір-

ге халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде қазіргі уақытта халықтың «сауатсыз» топтарының сөйлеу мәнерінен жапа шегуде. Бұл мәселе тіл сауаттылығын елеп-ескермейтін сөйлеушілер мен бұқаралық ақпарат құралдарының (мерзімді басылымдар, теледидар) диалект, жаргон, дөрекі сөздерді қолдануы не қолданбауына тікелей байланысты болмақ. Елде тілге қатысты қандай да бір шектеу болмағандықтан тілді «бұзып сөйлеу» бүгінде Ресейде күрт белең алуда. Тіпті зиялы қауым өкілдерінің әдеби емес нормаларды «келеке» етіп сөйлеп, кейін өздері солай сөйлеуді әдетке айналдырғандарын байқамай да жататындары бар. Тілші ғаламдар тілге деген мұндай салғырт көзқарас жақында тілдің қарабайырланып, осыдан туындайтын көптеген кемшіліктерге алып келуі мүмкін екенін айтады. Бұған жоғары деңгейлі көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі және ана тілінде сөйлейтіндердің сөздік қорының тарылуын да қосады. Сонымен бірге орыс тілінің тазалығына шет тілдеріде сырттан әсер етіп, үлкен зиянын тигізуде. Олардың лексикалық бірліктерінің бұқаралық ақпарат құралдарында ешқандай сүзгіден өткізбей, өңдеусіз қолданылуы, күнделікті адамдардың сөйлеу тілінде кеңінен қолданылуы (әсіресе жас ұрпақтың белсенді қолдануы) бөтен тілдің қауқарын күшейте түсуде. Осыған байланысты орыс әдеби тілі мен оның әлемге әйгілі бай әдебиеті Ресейде де, шетелде де беделін жоғалтқан және тарылып бара жатқан тіл ретінде танылып отыр.

Екіншіден, ұлттық және автономды округтерде, орыстан басқа халқы бар республикаларда орыс тілі, керісінше, жергілікті тілдерді, әсіресе өздерінің ұлттық-аумақтық құрылымдары жоқ шағын этникалық топтардың тілдерін ығыстыратын тіл ретінде танылады. Орыс тілі мұнда орыстанған халықтың жергілікті тілдерін білім беру жүйесінен алшақтатуда. Көп жағдайда ана тілдері оқыту тілі емес, мектептегі оқу пәні ғана болады, оның өзінде аз сағат қана бөлінеді. Шағын этникалық топтың тілінде газеттер де шықпайды, телерадиохабарлар да жүргізілмейді. Балалар балабақшалар мен интернаттарда

бір-бірімен орыс тілінде араласқандықтан, отбасында үйренген ана тілінің аз ғана сөздік қорын да ұмытады. Мектеп бітірген оқушылар үшін ана тілінен гөрі орыс тілінің беделі артық. Орыс тілінде жақсы сөйлейді. Тек үйдегі қарым-қатынаста қолданылатын ана тілі еленбей, жастар саналы түрде орыс тіліне ауысады және балаларына да ана тілінде сөйлемейді. Осыған жақын мысал ретінде біздің еліміздегі қазақ тілінің жағдайын мен орыс тілінің беделін де осы топқа жатқызуға болады.

Дегенмен жоғарыда айтып өткендей орыс тілін орыс ұлтының қолдануында біршама мәселелер алға тартылып отыр. Қазіргі уақытта Ресейдің тілдік саясатының стратегиялық міндеттеріне Ресей Федерациясының мемлекеттік тілін, республикалардың мемлекеттік тілдерін жан-жақты қолдау жатады. Ресейдің барлық халықтарының тілдерін сақтау және дамыту негізінде мемлекеттің бірлігі мен тұтастығын нығайту болып табылады. Орыс тілін Ресей Федерациясының мемлекеттік тілі ретінде қолдау және дамыту Ресейдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты, өйткені орыс тілін қажетті көлемде және жоғары сапалы деңгейде қолдану біртұтас саяси, экономикалық, білім беру және мәдени кеңістікті сақтауға мүмкіндік береді, ұлтаралық қатынастарды, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ Ресейдің беделін халықаралық деңгейде арттыруға ықпал етеді.

Нәтижелер

Қазіргі көпұлтты орыс қоғамында тілдік тұрғыдан бірқатар күрделі мәселелер тұр. Олар елеулі саяси дағдарыстардың себебіне айналуы мүмкін. Татарстан Республикасының татар тілін латын әліпбиіне негізделген әліпбиге көшуі жөніндегі белсенді әрекеттері бұған мысал бола алады. Бұл тіл саласындағы проблемалардың реттелмеуі – саяси проблемалардың шиеленісуіне әкеліп соқтыратындығының айқын көрінісі.

Ресей Федерациясы Кеңес Одағы секілді емес, ашық қоғам болғандықтан, шет тілдері,

ең алдымен ағылшын тілі елдегі тілдік ахуалдың дамуында маңызды орын алып отыр. Бұл жөнінде Т.Б.Крючкова өз еңбектерінде ағылшын тілінің Ресейдегі тілдік ахуалға, сондай-ақ әртүрлі тілдік топтардың әлеуметтік-коммуникативтік жүйелеріне беретін әсерін зерттеген [2].

Орыс жерінде мекендейтін халықтардың тілін жалпыға таныту мақсатында бірнеше тілдерге зерттеу жүргізіліп, нақты тілдердің жағдайын егжей-тегжейлі әлеуметтік лингвистикалық талдауға арналған көлемді еңбектер де жарық көрген. А.Н.Биткеева «Қазіргі әлемдегі қалмақ тілі (социоллингвистикалық аспект)» (2006) еңбегінде қалмақ тілінің қоғамдық қызметін дамытудың негізгі тенденцияларын, сондай-ақ әлемнің түрлі аймақтарында тұратын қалмақтардың әртүрлі әлеуметтік қауымдастықтары арасында оның қызметін анықтайтын факторларды қарастырады [3]. Е.А.Кондрашкина «Марий тілінің функционалдық даму динамикасы» (2008) атты еңбегінде марий тілінің пайда болуы мен дамуын және оның Марий Эл Республикасындағы және одан тыс жерлердегі әлеуметтік қызметін сипаттауға арнаған. Ол маридің алғашқы жазба ескерткіштерінің пайда болуынан ХХІ ғасырдың басына дейінгі кезеңді қамтиды. Онда сондай-ақ орыс тілі бұл тілдердің жойылуына қандай әсерін тигізсе, ағылшын тілі де орыс тілінің қолданылу деңгейінің төмендеуіне дәл сондай ықпал етіп отырғаны сөз болады [4].

Жаһанданған әлемдік қоғамдастық жағдайында тіл саясатын, тілдік жоспарлауды, олардың орындылығы мен тиімділігін зерттеу ерекше өзекті болып отыр. А.Н.Биткеева тағы бір еңбегінде Ресейдегі тіл саясатының кезеңдері мен тіл құрылысының басымдықтары, осы бағыттағы елдің даму перспективалары талданған. Шет елдердегі көпұлтты елдерде тіл саясатын жүзеге асыру тәжірибесін талдауға ерекше назар аударылған [5].

Көпэтносты мемлекеттегі мемлекеттік тіл саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларда интеграциялық қызметті орындайды. Қоғамның тілдік ахуалын азаматтардың сөйлеуінде нормативтік әдеби тілді қолдану дәрежесі бойынша бағалауға болады. Жеке

тұлғаның тілге қатысты пікіріне мектептерде орыс және басқа тілдерді оқыту деңгейі, бұқаралық ақпарат құралдарында тілдің қолданылуы және саясаткерлердің көпшілік алдында сөйлеуі айтарлықтай әсер етеді [6].

Еліміздегі тілдік ахуал мәселесін әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерттеу мен оған тиісті ғылыми баға беруде Ресейлік ғалымдардың ұстанымдарын үлгі етуге болады. Айталық, Ресей Федерациясындағы тілдік ахуалды зерттеуді екі жақты қарастырылады. Бірінші, әр әкімшілік-аумақтық құрылымдағы, аймақтағы және т.б. елдің тілдік өмірінің жалпы сипатын анықтау арқылы тілдік ахуалды мозайка ретінде сипаттауға болады. Екінші, елдегі әрбір тілдің қызметтік рөліне сүйене отырып зерттеу. Соңғы жылдары ресейлік социоллингвистер зерттеу барысында аталған тәсілдің соңғысына жүтінген. Осылайша Ресей Федерациясының аумағында жинақталған барлық тілдердің социоллингвистикалық параметрлері зерттелді. Осы бағыттағы алғашқы жұмыстарды тұрақты жазбаша дәстүрі бар Ресей халықтарының 30 тілі ұсынылған [7].

Кейіннен осында тағы бір еңбек Ресейдегі саны аз халықтардың тілдеріне арналған. Ол жаңа жазулы, жазуы жоқ, сондай-ақ жазбаша дәстүрі үзілген тілдерді (54 тіл) қамтыған тағы да бір зерттеу жұмысы жарық көрді. Еңбекте тілдерді бірыңғай жүйе бойынша сипаттау материалдың жинақталуын қамтамасыз етеді және әртүрлі коммуникативтік салаларда сипатталған барлық тілдердің қолданылуы туралы түсінік беретін бір ретті жүйе жасалған [8]. Бұл жұмыс ресейлік социоллингвистиканы дамытуды жаңа сатыға көтерген еңбек болды. Мұнда тілдік ахуалды таза сипаттамалық зерттеуден нақты сандық өлшеуге көшіру мәселесі қарастырылған.

Қандай да бір елдің ұлттық-тілдік жағдайының күрделілігі тілдік қақтығыстардың қаупін тудырады. Тілдік қақтығыс, әдетте, тілге байланысты белгілі бір проблемаларға негізделген адамдар қауымдастықтары арасындағы қақтығыстардан бастау алады. Тілдік қауымдастықтың саны неғұрлым аз болса, оның тілдік біртектілігі соғұрлым жоғары болады. Айталық, Ресейде ондаған ұлттық тілдер мен

олардың диалектілері өзара әрекеттесіп өмір сүріп келеді. Ірі қалаларда қоғамдық өмірдің негізгі формалары көбінесе екі тілде жүреді (Қазанда - татар және орыс, Уфада - башқұрт және орыс, Майкопта - адыгей және орыс), ал кей қалаларда орыс ұлтының басымдығы байқалады (Мәскеу, Петербург, Саратов, Красноярск).

Әлеуметтік лингвистиканың тағы бір проблемалар қатарына «тіл ішіндегі тіл» мәселесі жатады. Өзге тілдердің әсерінен бөлек бір тілдің өз ішінде ішінде өздігінен түрлену құбылыстары кездеседі. Бір тілдің ішіннен әйелдер тілі, әдебиетшілер тілі, құрылысшылар тілі, қарттар тілі, жастар тілі, дәрігерлер тілі секілді т.б. шағын топтар туындай береді. Осы тұрғыдан тілдік ахуал әр топ мүшелерінде әртүрлі дәрежеде көрініс табады. Бұл тікелей мамандық қажеттілігінен және қоғамдық талаптан туындайды. Шағын әлеуметтік топ бір салада жұмыс істейтін адамдар немесе талғамы бірдей адамдар болуы мүмкін. Мұндағы басты назар аударатын дүние – әр топтың өз терминдерінің, сөйлеу мәнерінің болуы. Демек әр адамның мамандығына қарай да тіл түрлі сипатта көрініс табады.

Кез келген адамның сөйлеу дағдыларына өмір сүретін ортасы әсер етпей қоймайды. Байқағанымыздай жас баланың тілдік қалыптасуына өсіп келе жатқан ортасы, ата-анасы зор ықпал етеді. Бала біртіндеп өскен сайын қандай жағдайда (үйде, мектепте, қонақта, т.б.) қалай сөйлеу керек екендігі туралы түсінік қалыптастырады. Бұл үдеріс «тілдік әлеуметтену» деп аталады. Ересектердің бейсаналық тұрғыда отбасы мүшелері, достары, әріптестері немесе басқа араласатын адамдардың тілдік ерекшеліктерін қабылдап, қолданып кетуі де қалыпты жағдай. Сөйлесу (сөз алмасу) кезінде адамның мамандығынан туған тілдік бірліктер екінші адамның құлағына сіңіп, тіліне үйреншікті болып кетеді. Бұл проблемалар әлеуметтік лингвистика ғылымында тілдің саралануы және код ауыстыру ретінде арнайы зерттеліп қарастырылады. Айталық, қоғамда әрбір сөйлеуші адам жасына, туған жеріне, тәрбиесіне, біліміне, әлеуметтік және кәсіби ерекшеліктеріне, жынысына қарай т.б. жік-

теледі. Соған сай тіл де таңдалып, талғанып, қолданылады, сараланады. Тілдің әлеуметтік саралануы дегеніміз - әртүрлі әлеуметтік немесе аумақтық жағдайлардың нәтижесінде тілдік әртүрліліктің пайда болу үдерісі. Ол жоғарыда айтып өткендей, алдымен лексикадан, одан соң тілдің барлық құрылымынан байқалады.

Кез келген қоғамдағы үлкен әлеуметтік лингвистикалық мәселе – көстілділік, көптілділік құбылыстары. Қазіргі қазақстандық өмір шындығында, қазақ қоғамында орыс тілінің үстемділігі әлі сақталуынан ана тілін бұзып, бірнеше тіл бірліктерін араластырып сөйлеу күрделі проблемаға айналып отыр. Оның үстіне ағылшын тілінің орыс тілінен де мүмкіндігі жоғары болғандықтан жастардың сол тілге құмартуы, үйренуі таң қалатын нәрсе емес. Ағылшын, орыс тілі сөздерінің күнделікті қолданысқа енуі қандай да бір сала терминдерінің өзгеріссіз қалуымен байланысты. Салалық ерекшелікке қарай ғалымдардың пайымдауынша қазақ қоғамында гуманитарлық мамандардан қарағанда, техникалық мамандардың тілі әлдеқайда «бұзылған». Басқаша айтқанда өзге тілдерден енген сөздер мен терминдердің бұрмаланып қолданылуы немесе тіл мәдениетіне көңіл қоймау техникалық мамандарда көптеп кездеседі. Мысалы: клёво, доходяга, лопухнуться, лажа, стоять на ухах, наезжать на кого-либо, качать права және т.б. секілді жаргон сөздерді жиі пайдалану бүгінде әдеттегі құбылысқа айналған. Бұл қолданыстар көпшілікке қарапайым нормаланған сөз ретінде қабылданып, тұрпайы саналмайтын дәрежеге жеткен. Бұл тұрғыдан тіл тазалығы, тіл сауаттылығы мәселелері адамдарды алаңдатпайтын болған.

Бір кәсіптің немесе бір тар әлеуметтік шеңбердің адамдары көбінесе өздеріне ғана тән тілді қолданатын жабық топ құрайды. Қазіргі кезде бағдарламашылар және жалпы компьютермен жұмыс жасайтын мамандар қолданатын жаргон сөздер санада әбден жатталып қалған. Мәселен, мониторды «глаз», дисктерді «блины», деп атау, немесе шет тілінен кірген сөздерді тілге ыңғайлап қолданушыны (пользователь) – «юзер», деңгейді (уровень) – «лэв-

әл» деп ана тіліндегі баламасы бола тұра бөтен сөздерді қолдану күн өткен сайын тез әрі қарқынмен таралуда. Әр қоғамның, шағын топтың осыған ұқсас өзіндік сөйлеу тілі болады. Мұндай жаргондар өзіндік ақпарат алудың заманауи құралы ғана емес. Бұл сөздерді пайдалану арқылы адамдар өзіне «бөтен» немесе «жақын», яғни бір салада жұмыс істейтін адамдарды бірден танып, ажырата алады [9].

Қоғамның күн санап дамуына байланысты тіл мен қоғам арасындағы қарым-қатынас заңдылықтары өзгеріп жатқандықтан, жаңа тілдік құбылыстардың мәніне тереңірек ену, олардың лингвистикалық және әлеуметтік табиғатын егжей-тегжейлі талдау қажеттігі туындауда. Бүгінгі таңда ғалымдар тілдің әлеуметтік тұрғыдан жаңа қырларын ашуда. Демек бұл тілді әлеуметтік нысан ретінде бұрынғыдан әлдеқайда терең әрі жан-жақты қарастыру керектігін білдереді [10].

Адам факторының тілдегі рөлін, адамның өмірлік белсенділігін тілмен байланыстыратын немесе адамның тілге әсерін анықтайтын мәселелерді, тілдің адамның дүниетанымына әсері қандай болатындығын және оның тілге, оның құрылымына және қолданылуына әсер ететін мәселелерді зерттеу барған сайын өзекті бола түсуде. Бұл мәселеде тілдің коммуникативті құрал ретінде, тілдік тұлғаның өзін-өзі көрсету құралы ретінде қызмет ету көрінісін егжей-тегжейлі зерттемеске болмайды. Ол үшін бүгінде әлемдік арнада ілгері шыққан ағылшын тілінің халықаралық байланыс негізінде басқа тілдерге әсер етуі мен қызметін зерттеу маңызды болып табылады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін ағылшын тілінің дәрежесін объективті және субъективті тұрғыдан талдау; ағылшын тілінің сыртқы жүйесі мен қазақ-ағылшын қостілділігінің жастар тіліне, тәрбиесіне, тұлғалық қалыптасуына әсер ету тетіктерін анықтау; қазақ тілінде қолданылатын ағылшын тілінің элементтерін сипаттау; олардың күнделікті сөйлеу тіліне кірігу амалдарын, факторларын талдау және кіші әлеуметтік топ болып есептелетін жастардың сөйлеу тіліндегі ағылшын тілі элементтерін семантикалық, прагматикалық аспектіде зерттеу жұмыстарын жүргізу

керек. Себебі ағылшын және қазақ тілінің қарым-қатынасына байланысты шарттылық қазақ-ағылшын қостілділігінің сипатына, тілдік тұлғаның қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Студенттердің сөйлеу мәнері ағылшын тілінің тек әдеби және жаргон сөздерін қолданумен ғана емес, өзге де шет тілдердің «қосындысын» тұрақты қолданумен сипатталады.

Студент жастардың сөйлеу тіліндегі ағылшын тілі лексиканың негізгі қызметі эмоционалды-экспрессивті қызмет болып табылады. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінің сандық және сапалық параметрлері, ең алдымен, оны қолданушы адамның жеке қабілетіне, мақсатына, қазақ-ағылшын тілін білуіне байланысты. Студенттің толық болмысы, жататын әлеуметтік тобы, жасы мен психологиялық ерекшеліктеріне байланысты қоғамдағы әлеуметтік факторлардан орын алатын тілдік өзгерістерді тез қабылдайды.

Студент жастар шет тілін қолдану шарттылығынан туатын қостілділікті қалыптастырудың әлеуетті ортасы болып табылады. Сондықтан орыс және ағылшын тілдерінің жастардың ортасында қолданылуы оған әсер ететін әлеуметтік факторларды айқын тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әр оқушының сөйлеу мәнері негізінде туған тілдік санасының әсерінен әр адамның жеке дара мінезі мен қабілеті қалыптасады. Адамның сөйлеу барысында саналы және бейсаналылығының арасындағы шекара да жеке және жағдайға байланысты (ситуативті) ерекшеленеді. Мұны студенттің құрылымдық-тілдік күрделілік дәрежесінде, шындықты бейнелеудің тереңдігі мен дәлдігінде ерекшеленетін мәтіндерді құру мен қабылдауды анықтайтын қабілеттерінің жиынтығы деп түсіну керек. Сондықтан, әлеуметтік факторлардың сөйлеу мәнеріне әсерін зерттеуде нысанға әлеуметтік-тілдік қауымдастықтарға емес, жеке тілдік тұлғаға әсерін қарастырған дұрысырақ болады. Дегенмен кез келген тілдік тұлғаның өзі белгілі бір әлеуметтік ортаның өнімі және таныстырушысы болып табылатындықтан бұл үдеріс көбінесе жанама сипатқа ие.

Қорытынды

Сонымен тілді әлеуметтік тұрғыдан зерттеуде оның дәрежесі мен таралу аймағы ғана емес, тілдегі өзгерістер де етене қарастырылады. Тілдің таралу ауқымының кеңдігіне қарамастан, оның қалыбы сол аймақтарға қарай

икемделіп, түрлі жағдайларға ұшырайды. Көпэтносты қазақ жеріндегі қазақ тілінің жағдайы бұған дәлел бола алады.

Ұлтаралық ерекшеліктен бөлек, заманның қарқынды дамуы, жастардың ана тілінен гөрі еуропа тілдеріне иек артуына себеп болып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Крысин Л.П. О перспективах социолингвистических исследований в русистике // Русистика. - Берлин, 1992. - С. 96-106
2. Крючкова Т.Б. Языковой конфликт и его место в национальных конфликтах// Языковая ситуации и языковая политика в многонациональных странах. Ханой, 1996.
3. Биткеева А.Н. Калмыцкий в современном мире (социолингвистический аспект). М.: Наука, 2006.
4. Кондрашкина Е.А. Динамика функционального развития марийского языка. М., 2008. 180 с.
5. Языковая политика в контексте современных языковых процессов // Отв. ред. А.Н. Биткеева, М., 2015.-№2 (апрель). - С. 16
6. Заочный круглый стол на тему: «Языковая политика в многонациональной России и проект федерального закона «О русском языке как государственном языке Российской Федерации» (X Конгрессу МОПРЯЛ — 29 июня — 5 июля 2003)
7. Письменные языки мира: языки Российской Федерации. Социолингвистическая энциклопедия // Отв. ред. В.М. Солнцев, В.Ю. Михальченко. М., 2000.
8. Письменные языки мира: языки Российской Федерации. Социолингвистическая энциклопедия // Отв. ред. В.Ю. Михальченко. М., 2003.
9. Беликов В. И., Крысин Л. П. Социолингвистика. Москва, 2001
10. Вишневская Г.М. Билингвизм и его аспекты: Учебное пособие. Иваново, 1997. 98 с.

¹A.M. Abasilov, ²J.S. Toleuzhanova

¹Korgyt ata atyndagy Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

²Institute of State Language Development, Almaty, Kazakhstan

Problems of modern world social linguistics

Abstract. The article analyses and examines several relevant problems of social linguistics based on language practices in different countries. The article will specifically address the problem of the state (official) language, which is considered as a social linguistic category. Considering this issue from the point of view of First, requirements and obligations, and secondly, the establishment of responsibility for the language, the positions of the language policy of the Baltic states, Georgia, Armenia, Azerbaijan, Uzbekistan, Tajikistan, Russia and other countries are given as examples. Further, the problems of language construction and the language situation are analyzed. They say that the standard of literary language in the United States is considered in connection with the problem of assimilation by non-English speakers, as well as immigrants. And in Germany and France, it is reported that the solution of the acute problem of language adaptation of immigrant workers is established through social linguistic research. This is followed by the fact that Soviet social linguistic research followed the direction of «Russification» of other peoples. Reviews of the current research of modern Russian social linguistics, which is a continuation of this Soviet social linguistics, are compiled. The authors of the article conclude that the study of the problem of the language situation in the country from a social linguistic point of

view and the corresponding scientific assessment of it can serve as an example of the positions of both Soviet and modern sociolinguists.

Key words: problems of social linguistics, language policy, language practice, State Language, Language construction, language situation, Russian social linguistics.

¹А.М.Абасилов, ²Ж.С.Толеужанова

¹Қызылординский университет имени КоркытАта, Қызылорда, Қазақстан

²Институт развития государственного языка, Алматы, Қазақстан

Проблемы современной мировой социолингвистики

Аннотация. В статье на основе языковой практики разных стран анализируется ряд актуальных проблем социолингвистики. Особо затрагивается проблема государственного (официального) языка, рассматриваемая как социолингвистическая категория. Этот вопрос исследуется, во-первых, с точки зрения предъявляемых требований и обязанностей, во-вторых, с точки зрения ответственности по отношению к языку. В качестве примера в статье приводятся основные принципы и положения языковой политики стран Прибалтики, Грузии, Армении, Азербайджана, Узбекистана, Таджикистана, России и других стран. Также анализируются вопросы языковой структуры, проблемы, связанные с языковой ситуацией. Эти проблемы рассматриваются применительно к вопросам обучения в США стандартному литературному языку неанглоязычных лиц и иммигрантов. Наряду с этим отмечается, что в Германии и Франции посредством проведения социолингвистических исследований решаются острые проблемы, связанные с языковой адаптацией рабочих-иммигрантов.

Также в статье затрагивается вопрос о том, что социолингвистические исследования, проводимые в советское время, были ориентированы на «русификацию» других народов. Авторами статьи дается обзор исследований современной российской социолингвистики, представляющей собой продолжение советской социолингвистики. Они приводят к выводу, что при исследовании и решении проблем, связанных с языковой ситуацией в стране, и их объективной оценке в качестве примера могут служить основные положения, изложенные в трудах как советских, так и современных ученых-социолингвистов.

Ключевые слова: проблемы социолингвистики, языковая политика, языковой опыт, государственный язык, структура языка, языковая ситуация, российская социолингвистика.

References

1. Krysin L.P. O perspektivah sotsiolingvisticheskikh issledovaniy v rusistike [On the prospects of sociolinguistic research in Russian studies] (Rusistika, Berlin, 1992. P. 96-106) [in Russian]
2. Kryuchkova T.B. Yazykovoі konflikt i ego mesto v nacionalnyh konfliktah [Language conflict and its place in national conflicts], Yazykpvaya situacia I yazykovaya politika v mnogonacionalnyh stranah [Language situation and language policy in multinational countries] (Hanoi, 1996.)
3. Bitkeeva A.N. Kalmyckii v sovremennom mire (sociolingvisticheskii aspekt) [Kalmyk in the modern world (sociolinguistic aspect)] (Nauka, Moscow, 2006.) [in Russian]
4. Kondrashkina E.A. Dinamika funktsionalnogo razvitiya mariiskogo yazyka [Dynamics of the functional development of the Mari language] (Moscow, 2008. 180 p.) [in Russian]
5. Yazykovaya politika v kontekste sovremennyh yazykovykh processov [Language policy in the context of modern language processes], Newspaper «Moscow», №2. April 2015. P. 16
6. Zaochnyi kruglyi stol na temu: “Yazykovaya politika v mnogonacionalnoi Rossii I proekt federalnogo zakona “O russkom yazyke kak gosudarstvennom yazyke Rossiiskoi Federacii” [Correspondence round table on the topic: «Language policy in multinational Russia and the draft federal law» On Russian as the state language of the Russian Federation «] (X Congress MOPYAL), 2003. 29 June — 5 July
7. Pismennye yazyki mira: yazyki Rossiiskoi Federacii. Sociolingvisticheskaya enciklopediya [Written languages of the world: languages of the Russian Federation. Sociolinguistic Encyclopedia], Otv. red. V.M. Solncev, V.Yu. Mihalchenko [editor by V.M. Solncev, V.Yu. Mihalchenko]. (Moscow, 2000.) [in Russian]

8. Pismennye yazyki mira: yazyki Rossiiskoi Federacii. Sociolingvisticheskaya enciklopediya [Written languages of the world: languages of the Russian Federation. Sociolinguistic Encyclopedia], Otv. red. V.Yu. Mihalchenko [editor by V.Yu. Mihalchenko] (Moscow, 2003.) [in Russian]
9. Belicov V.I., Krysin L.P. Sociolingvistika [Sociolingvistika] (Moscow, 2017.) [in Russian]
10. Vishnyovskaya G.M. Bilingvizm I ego aspekty: Uchebnoe posobie [Bilingualism And Its Aspects: A Textbook] (Ivanova, 1997. P. 98) [in Russian]

Автор туралы мәліметтер

Абасилов Аман Мәделханұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Төлеужанова Жансая Санатқызы – ғылыми қызметкер, Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан.

Abasilov Aman Madelkhanovich – candidate of philological sciences, acting associate professor, Korkyt Ata Kyzylorda state University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Toleuzhanova Zhansaya Sanatovna – researcher, Institute of State Language Development, Almaty, Kazakhstan.